# Хаттама №1

## Педагогикалық кеңес

29.08.2023 ж                Қатысқаны - 30

## Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына Педагогикалық кеңес құрамын бекіту. (М. Қыдырбаева)
2. 2022-2023 оқу жылына талдау, 2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері, жұмыс тәртібі
3. 2023-2024 оқу жылына арналған бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын, оқу бағдарламаларын талдап, бағындау (Ж. Жонкаков)
4. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын талдау, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының ерекшелігі (Ж. Абдуалиев)
5. «Мектепке жол» акциясын орындалуын (Ж. Абдуалиев)
6. 1-4 сыныптарды ыстық тамақпен қамтамасыз ету (Г. Досанова)
7. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Мектеп директоры М. Қыдырбаева жаңа оқу жылының басталуымен ұстаздар қауымын шын жүректен құттықтап, оларға денсаулық, [illegible] мен [illegible] мол жұмыстарында шығармашылық табыс тіледі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры М. Қыдырбаева педагогикалық

кеңес құрамымен таныстырды. Педагогикалық кеңес құрамын төмендегідей екенін айтты. Педагогикалық кеңестің төрайымы; мектеп директоры М. Жүндібаева, хатшысы; қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Г. Жанарова

2022-2023 оқу жылының жалпы қорытындылары туралы баяндама жасады. Былтырғы оқу жылында жалпы 239 оқушы білім алып, білім сапасы 49% үздік оқушылар саны 37, жақсы деген бағаға оқыған оқушылар саны 64 болғанын айтып өтті.

2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек екенін, оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайтынына да тоқталды.

Мектептің жылдық жоспары мен даму жоспары түзіліп, бекітілгенін хабарлады және мұғалімдерге таныстырды.

2023-2024 оқу жылына мұғалімдерге бөлінген апталық жүктемелерімен таныстырып өтті. Сондай-ақ 1-9 сыныптар аптасына 5 күнге арналған сабақ кестесі түзілгенін хабарлады. Мектептің сыйымдылығына қарай, кабинеттердің жетіспеушілігіне орай сабақ 2 ауысымда бөлініп, оқытылатынын айтты. Бірінші ауысым таңертеңгі сағат $08^{00}$ де басталып, сабақ уақыты 45 минуттан болып, сабақ арасындағы жай үзілістер 5 минут, үлкен үзіліс 3.4 сабақтан кейін 10 минут болады. Екінші ауысым $14^{00}$ де толық бірінші ауысымдағыдай қайталанады.

Әдістемелік бірлестіктің жаңа құрамын сайлау туралы ортаға ой тастады, бастауыш сыныптар мен орта буын сыныптарына екі пән бірлестігі құрылып, олардың жетекшілері боп Г. Абдушакирова мен Г. Қазбаева бекітілді. Сонымен бірге сынып жетекшілері де бекітілді

МАД тобы – А. Есенбекова
1а- сынып – А. Мадибекова
1ә- сынып – Ж. Үентаева
2а- сынып – Г. Сейтова
2ә- сынып – А. Жарылқасынова
3а- сынып – Г. Мадибекова
3ә- сынып – Г. Абдушакирова
4 - сынып – З. Утепова
5а- сынып – Д. Тұрсын
5ә- сынып – Е. Ораз
6а- сынып – Г. Жүзжасарова
6ә- сынып – Т. Мадибеков
7 - сынып – М. Жиенбаева
8а- сынып – Г. Қамарова
8ә- сынып – Ж. Байтемирова
9а- сынып – Ж. Оңабіл
9ә- сынып – Г. Таубаева

Ұлдар клубының жетекшісі етіп дене шынықтыру пәні мұғалімі Б. Мадибеков Қыздар кеңесінің жетекшісі болып А. Бердібек бекітілді. Сөз арасында әкімшілік міндет бөлісу туралы да айтылды. Мектеп әкімшілік арасындағы міндеттердің бөлінуі Мектеп директорының, білім беру ісімен директорының

оқу ісі жөніндегі орынбасарының, тәрбие жөніндегі орынбасардың, педагог-психологтің, әлеуметтік педагогтің, педагог-дефектологтің лауазымдық міндеттері білім беру ұйымының аға тәлімгерінің, кітапханашының, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарының, сантехник, ағаш ұстасы және жұмысшы қызметшілерінің, вахтерша қызметшісінің, еден жуушы қызметшісінің, от жағушы қызметшілерінің, аула сыпырушысының міндеттерінің бөлінуі және барлық қызметшілердің бөлінген міндеттеріне осы күннен бастап үлкен жауапкершілікпен кірісуі қажет екені айтылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Н. Жонкаков сөзге шықты. Ол өз сөзінде әдістемелік кеңес құрамы төмендегідей екенін айтты. Әдістемелік кеңес құрамының төрағасы: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, Н. Жонкаков Хатшысы: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - Г. Алдабергенова

Баяндамашы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі N 394 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес 1-2-3-4 сыныптар „Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08.11.2012 жылғы N500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы N 264 бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген

Бастауыш білім берудің оқу жоспары 3-сынып жеке тегін үйде жеңіл ақыл ой кемістігімен оқыту жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 4-қосымшасына сәйкес, 5-6-7-8-9 сыныптар «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына сәйкес таңдаулы отырғанын хабарлады.

«№2 Психологиялық-медициналық педагогикалық кеңес беру" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қорытындысына сәйкес денсаулығы нашар 3-сынып оқушысы Нышанәлі Азамат Оңғарұлы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған бағдарламамен жеке үйде оқытылатынын хабарлады. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№2 Психологиялық-медициналық педагогикалық кеңес беру" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысына сәйкес мектепішілік бұйрық шығарылатынын айтты.

2023-2024 оқу жылында ҚР-ның бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында берілген үлгілік оқу жоспарын орындау мақсатында және оқушы санының сәйкес келуіне байланысты төмендегі сыныптарда аталған пәндерді бөліп оқыту туралы

да айтылды. Орыс тілі 4, 7 сыныптар, ағылшын тілі 4, 7, информатика 4, 7, көркем еңбек 5ª, 5ᵃ, 6ª, 6ᵃ, 7, 8ª, 8ᵃ, 9ª, 9ᵃ

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ж. Абдуалиев баяндама жасады. Келес ауданының білім бөлімі басшысының 2023 жыл 29 тамыз күні №230-19 бұйрығын орындау мақсатында мектепте дәстүрлі „1 Қыркүйек - Білім күні" мерекесі 1 қыркүйек күні „оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы процесінің ерекшеліктері" тақырыбы аясында мектепте „Мектебім - мейірім мекені" тақырыбында сыныптарда бірыңғай тәрбие білім сабақтары өтілетінін айтты. Әр сынып жетекшісі 1 Қыркүйек күні мектепте „Мектебім - мейірім мекені" тақырыбында бірыңғай тәрбие білім сабағын өткізеді

1 Қыркүйек „Білім күні". „Алғашқы қоңырау" іс-шарасын өткізуді аға тәлімгер Г. Алдабергенова мен сынып жетекшілерге тапсырды. Мектепте тәртіптік кеңестің қызметі мектепте қолдау көрсету механизмін құрудың тәртіптік кеңес қызметінің тиімділігін арттыру және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәртіптік мүшелері төмендегідей құрамда бекітілгенін айтты.

Ж. Абдуалиев - МДТіжО, Т. Қоштаев - ЮПТ инспекторы,
Б. Марқабай - Біртілек а/о әкімі аппаратының жастар
ісі бойынша бас маман. Ш. Айып - Біртілек а/о әкім
аппаратының жастар ісі бойынша инспекторы,
А. Әбдіғаппаров - педагог-психолог, Б. Мадибеков -
мұғалім, Ә. Тұрғаев - мұғалім, Т. Мадибеков,
Ж. Джаланов, О. Әсімхан.

Ол өз сөзінде мектепте құрылған дебат клубының жұмысын жандандыру және дебатқа қатысушы үш бағыт бойынша (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) жан-жақты дайындау мақсатында төмендегі пән мұғалімдеріне жүктелгенін айтты.

1 Қазақ тілі бағыты бойынша - Ж. Байтемірова
2 Орыс тілі бағыты бойынша - Д. Тұрсын
3 Ағылшын тілі бағыты бойынша - Ж. Орабіл

Дебатқа қатысушылардың мектепішілік тыңғылықты дайындау, аймақтық, аудандық сайыстарға қатысу тарих пәні мұғалімі А. Тұрғаев пен орыс тілі пәні мұғалімі Д. Тұрсынға жүктелгенін хабарлады.

Мектепте оқушылардың жан-жақты білім алуына сабақтан тыс уақыттарын ұйымдастыру, дүниетанымын жетілдіру, өнерлерін ұштау мақсатында „Өнертану", „Экология-биология", „Жас туристер", „Бейнелеу өнері", „Пікірталас", „Футболдық", „Волейболдық", „Шахматтық-шашкалық" және „Ұлттық ойындар" ақысыз үйірмелер құрылып, жауапты мұғалімдер бекітілгенін айтып өтті.

Мектепте сабақ уақытында таңертең 08:00-ден кешкі 20:20 уақыт аралығында қызметте

толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында мектепішілік кезекшілік тізімі мектеп мұғалімдерінен жасалып бекітілгенін айтты.
Баяндамашы „Әкелер және әжелер мектебінің" ережесімен таныстырды. „Әкелер және әжелер мектебінің ережелері ҚР-ның Оқу-ағарту министрлігінің әзірлеген „Біртұтас тәрбие бағдарламасы" өзектілігі негізінде ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға, қабілетті, білімді, адал ұрпақты тәрбиелеу мақсатында іске асады.
Әкелер және әжелер клубының мақсаты мен міндеттері туралы да таныстырды.
Әкелер және әжелер мектебін құрудың мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге, ұлттың мұрасын қастерлеуге, еңбекқорлыққа, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.
„Әкелер мектебінің" қоғамдық клубының төрағасы Торғаев Алтынбек ата, ал „Әжелер мектебі" қоғамдық клубының төрайымы Ермекова Қызбалды әже бекітілгенін айтып өтті.
Ол өз сөзінде Жамбыл ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 01.08.2023 жылғы №830-19/02-03/931 бұйрығына сәйкес аз қамтылған және көп

баланы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында „Мектепке жол" Республикалық акциясы басталғанын, ағымдағы жылы бұл акция ҚР-ның Оқу-ағарту министрлігінің бастамасы бойынша „Жақсылықты жаса" ұранымен өткізіліп жатқанын хабарлады.

Келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог, Г. Досанова сөзге шығып, 2023-2024 оқу жылында мектептерде 1-4 сынып аралығында баратын оқушыларды бір реттік ыстық тамақпен қамтылатынын, мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес оқушылардың тізімін жасақтап, қажетті құжаттарын жинақтау керектігін айтты.
Асханадағы тез бұзылатын тағамдардың сертификаттарын, жарамдылығын үнемі қадағалап отыратын бракераж комиссиясы төмендегідей екенін айтты. Комиссия төрайымы; мектеп директоры, М. Қыдырбаева, мүшелері; директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Ж. Абдуалиев, әлеуметтік педагог, Г. Досанова, кәсіподақ ұйымының төрайымы, А. Мадибекова

Келесі әр түрлі мәселе бойынша мектеп директоры Мектептің сайтына жауапты маман етіп директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Н. Жонкаков бекітілгенін айтып өтті

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді

Қаулы:

1 Мектептің жылдық жоспары мен даму жоспары бекітілсін;

2 Мұғалімдердің апталық жүктемелерінің дұрыс қолтамасы етілуін қадағалау мектеп директоры М. Қыдырбаеваға жүктелсін;

Төмендегі мұғалімдер сынып жетекшісі болып бекітілсін

1. МАД тобы - А. Есенбекова
2. 1а - сынып - А. Мадибекова
3. 1ә - сынып - Ж. Үсентаева
4. 2а - сынып - Г. Сейтова
5. 2ә - сынып - Л. Жарылқасынова
6. 3а - сынып - Г. Мадибекова
7. 3ә - сынып - Г. Абдумакирова
8. 4 - сынып - З. Утепова
9. 5а - сынып - Д. Тұрсын
10. 5ә - сынып - Е. Ораз
11. 6а - сынып - Г. Жүзжасарова
12. 6ә - сынып - Т. Мадибеков
13. 7 - сынып - М. Жиенбаева
14. 8а - сынып - Г. Камарова
15. 8ә - сынып - Ж. Байтемирова
16. 9а - сынып - Ж. Орабыл
17. 9ә - сынып - Г. Таубаева

Бірлестік жетекшісі бағыт бастауыш сынып мұғалімі Г. Абдумажирова мен ағылшын тілі пәні мұғалімі Г. Казбаева тағайындалсын;

3. Жеке тегін үйде оқытылатын Жылманжи Азаматқа пән мұғалімдері бекітіп, жыл бойы үнемі бақылауда ұстап отыру сынып жетекшісі мен МДТЖЖО Н. Конакова жүктелсін

4. Құқықтық тәртіптік кеңес құрамы төмендегідей бекітілсін.

Абдуашев Ж. - МДТЖЖО
Қоштаев Т. - ЮПТ инспекторы
Мархабай Б. - Біртілек а/о әкім аппаратының жастар ісі бойынша бас маман
Абыл Ш. - Біртілек а/о әкім аппаратының жастар ісі бойынша инспекторы
Әбдіғаппаров А - педагог - психолог
Мадибеков Б - мұғалім
Тұрғаев А - мұғалім
Мадибеков Т - мұғалім
Юнусанов Ж - мұғалім
Ораз Е. - мұғалім

5 Мектепте „Жігер және Әжігер" мектебін" ұйымдастыру МДТЖЖО, Ж. Абдуашевке тапсырылсын;

Жиналыс төрағасы: [signature] М. Кыдырбаева
Жиналыс хатшысы: [signature] Г. Камарова

# Хаттама №2

## Педагогикалық кеңес

03.11.2023ж Қатысқаны - 30

## Күн тәртібінде:

1. I тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысы туралы. "Bilim Class" электронды журналының жүргізілуі
9-сыныптағы PISA, БЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы. МДОТЖО, Н. Қонқақов

2. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу. I тоқсандағы жалпы тәрбие жұмыстары мен іс-шаралардың өтілуі, сыныптардағы тәрбие сағаттарының жүргізілуі туралы, баяндамашы МДТЖО, Ж. Абдуалиев

3. Бірінші сынып оқушыларының бейімделуі туралы педагог-психолог А. Әбдіғаппаров

4. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Қонқақов слайд түрінде таныстыра отырып баяндама жасады. Ол I тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысымен таныстырып өтті.

| | | |
|---|---|---|
| 2 - сынып | барлығы | - 30 |
| | үздік | - 6 |
| | жақсы | - 14 |
| | үлгі орт | - 10 |
| | б/с | - 66% |

3 - сынып
барлығы - 32
үздік - 5
жақсы - 14
үлг орт - 13
б/с - 59%

4 - сынып
барлығы - 21
үздік - 3
жақсы - 8
үлг орт - 10
б/с - 52%

5 - сынып
барлығы - 29
үздік - 4
жақсы - 10
үлг орт - 15
б/с - 48%

6 - сынып
барлығы - 29
үздік - 6
жақсы - 10
үлг орт - 13
б/с - 55%

7 - сынып
барлығы - 20
үздік - 2
жақсы - 6
үлг орт - 12
б/с - 40%

8 - сынып
барлығы - 28
үздік - 4
жақсы - 3
үлг орт - 21
б/с - 25%

9 - сынып
барлығы - 26
үздік - 2
жақсы - 2
үлг орт - 22
б/с - 15%

Мектеп бойынша барлық үздіктер саны - 32
жақсы - 67
үлг орт 116

орташа балл - 3,9 б/с - 46%.

Сонымен бірге баяндамашы „Bilim Class" порталындағы электронды журналдың уақтылы және сапалы толтырылғаны туралы айтты. Электронды сынып журналдарының уақтылы және сапалы толтырылуын әр аптаның соңында тексеріп қорытындысын жасап отыратынын хабарлады,

апта соңында тексеріп, апталық статистика жүргізіп, оны мұғалімдер назарына ұсынып отыратынын ескертті.

Баяндамашы Н. Конкаков өз сөзінде мұғалімдерге еліміздегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға зор мүмкіндіктер бар екенін айтты.

PISA зерттеуі жоғары сапалы деректерді жинап, олардың әлеуметтік нәтижелерге арналған ақпаратпен біріктіреді; осы зерттеу арқылы бұл ақпарат педагогтер мен білім беру саласындағы саясаткерлерге қолжетімді болады және осы салада негізделген шешімдерді қабылдауға ықпал етеді. Халықаралық PISA зерттеуі ұлттық нәтижелерді ұсынса, „Мектепке арналған PISA" зерттеуі мұғалімдер мен мектеп басшыларына, яғни білім беру үдерісіне тікелей қатысатын адамдарға мектеп деңгейіндегі нәтижелерді беруге арналғанын тұрғын айтып өтті. Халықаралық PISA бағалауы сияқты, „Мектепке арналған PISA" 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы білімі мен құзыретін бағалайды. Бұл бағалау оқушылардың алған білімдерін қолдана алатынын ғана емес, сонымен қатар олардың білгендерімен бөлісу және өз білімдерін жаңа жағдаяттарда шығармашылықпен қолдана алу қабілетін өлшейді.

Баяндамашы ББЖМ сынақтарына 9-сыныптан 26 оқушы, 4-сыныптардан 21 оқушы қатысатынын хабарлады. Жыл басынан бері жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары барысымен таныстырып өтті

бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.
ББЖМ әдістемелік көмек көрсету және білім беру саласын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлей отырып, дайындықпен өткізуді, тестілеу нәтижелерін өңдеу және жүйелі талдауды қамтиды.
Келесі мәселе бойынша МДТЖЖО, Ж. Абдуалиев сөзге шықты. Ол жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты жүргізіліп жатқан іс-шаралармен таныстырды, жүргізілуі туралы баяндады. „Үзіліске қалам тартқан жас ғұмыр" атты „Балалар кітапханасы" жобасы аясында оқушыларға кітап оқыту мектеп кітапханашысы А. Есенбекованың ұйымдастыруымен өткізілді. „Отбасылық дәстүрлер" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп, аталмыш тақырыпта педагог-психолог баяндама жасады. „Педагог-бала-ата-ана" үштік одағы бірігіп отбасылық дәстүрлер туралы әңгімелесуді педагог-психолог А. Әбдіғаппаров, тәлімгер Г. Алдабергенова, ұлдар және қыздар кеңесінің жетекшілері Б. Мадибеков пен Г. Мадибекова және сынып жетекшілерімен бірігіп кездесулер ұйымдастырылды.
Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жылдығына орай „Қожа Ахмет Ясауидің хң хикмет ілімі" тақырыбында оқушылар арасында эссе жазу жарыс-

тарын тарих пәні мұғалімдері А. Тұрғаев пен М. Дөненбаева ұйымдастырды. Қазақ тілі пәні мұғалімдері Г. Камалова мен Ж. Байтемірованың ұйымдастыруымен „Өнегелі өмір" тақырыбында оқушылар арасында эссе жазу байқауын ұйымдастырып, үздік эссе жазған оқушыларды марапаттады. „Денсаулықтың алты шарты: таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл күй, күйзеліске түспеу" тақырыбында оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. „Әке-ізет, анаға-құрмет" тақырыбында ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығының іс-шараларын негізге ала отырып сабақтар жүргізілді.

„Даналық мектебі" клубы құрылып, іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша педагог-психолог А. Әбдіғаппаров сөзге шықты. Мектепте оқуды бастау - әлеуметтік - психологиялық тұрғыдан да, физиологиялық тұрғыдан да балалардың өміріндегі ең күрделі және жауапты сәттердің бірі. Бейімделу кезеңінде оқушы қандай күй кешеді. Жұмысқа төмен қабілеттілік, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жоғары деңгейде ширығуы, кейбір балалар I тоқсанның аяғына қарай арықтап кетеді, басы ауыруы, шаршағыштық, дімкестік, оқушының үйде қыңырлық көрсетуі, мінез-құлықты өз бетінше реттеу қабілетінің төмендеуі, бәсеңдеу, мектептегі бірінші айдың аяғына қарай көптеген балаларда

эмоцияның құлдырау байқалады, ерте тұрудан сабақта отырудан жалығады, оқудағы алғашқы қиындықтар пайда болуы мүмкін. Мектепке бейімделу бірден орын алмайды. 1-сынып оқушысының 2 аптадан 6 айға дейін бейімделуі созылуы мүмкін. Бейімделу ұзақтығы баланың өзіндік ерекшеліктеріне, мектепке дайындық деңгейіне, әлеуметтік дағдыларының даму дәрежесіне, ата-ананың көзқарасына байланысты. Балада егер нәрестелік кезең қолайсыз өтсе, бас-ми жарақаттары болса, бала жиі және қатты ауырса созылмалы сырқаттары болса, жүйке-психикалық бұзылыстары болса, бейімделуі әдеқайда ауыр өтуі мүмкін.

Әр түрлі мәселелер бойынша мектептің шаруашылық меңгерушісі А. Жунусова сөзге шықты. Ол өз сөзінде қазан айының 25-нен бастап жылыту қазандықтарын толық дайындаудан өткізіп, жылу беру маусымын басталғанын, от жағушылардың мектептегі кезекшілік кестесі жасалғанын, жылыту жүйесінің іске қосылғанын айтты.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін тыңдап талқылай келе, жиналыс төмендегідей шешімге келді.

## Қаулы:

1 Мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру барлық пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне жүктелсін, бақылау мен басшылық жасау МДОІЖО Н. Кенжаковқа тапсырылсын;

«Bilim Class» порталындағы электронды журналдың уақтылы, сапалы толтырылуын қамтамасыз ету және қадағалау, сондай-ақ электронды журналдың уақтылы, сапалы толтырылуын бақылау мақсатында апта сайын «Bilim Class» порталына статистика алып, оны мұғалімдердің назарына ұсыну МДОТЖЖО, Н. Исхаковқа тапсырылсын;

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын қадағалау МДТЖЖО, Ж. Абдуалиевке жүктелсін;

Бейімделу кезінде 1-сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсету педагог-психолог, А. Әдіғаппаров пен сынып жетекшілері Ж. Усентаева мен А. Мадибековаға жүктелсін;

Мектепте жылу беру маусымы басталса, от жағушылардың мектепте кезекшіліктерін ұйымдастыру жылыту жүйесінің біркалыпты болуын қадағалау мектептің шаруашылық меңгерушісі А. Жүнісовқа тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы: М. Қыдырбаева

Жиналыс хатшысы: Г. Камарова

# Хаттама №3

Педагогикалық кеңес

05. 01. 2024 ж                                   Қатысқаны - 30

## Күн тәртібінде:

1. II тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысы туралы "Bilim Class" электронды журналының жүргізілуі

2. 9-сыныптағы PISSA, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы туралы, баяндамашы мектеп директорының оқу тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Жонкаков;

3. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, I жартыжылдықтағы жалпы тәрбие жұмыстары мен қысқы каникулда бос уақытын тиімді пайдалану туралы, баяндамашы МДТЖЖО; Ж. Абдуалиев

4. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Жонкаков баяндама жасады. Ол өз сөзінде 2 - 9 сынып оқушыларының II тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысын жеке-жеке сыныптар бойынша және жекелеген пәндер бойынша талдау жасап айтып өтті.

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығының талдауы Мақсаты: мұғалімнің педагогикалық қызметі арқылы

Мемлекеттік білім беру стандартын сапалы іске асыру.

МАД тобы, 1-4 және 5-7 жалпы білім беретін - 5 күндік жұмыс аптасы. 8-9 сыныптар - 5 күндік жұмыс аптасы.

2 - сынып
барлығы - 30
үздік - 5
екпінді - 14
үлгерушi - 11
б/с - 63%

3 - сынып
барлығы - 30
үздік - 3
екпінді - 13
үлгерушi - 14
б/с - 53%

4 - сынып
барлығы - 21
үздік - 3
екпінді - 9
үлгерушi - 9
б/с - 57%

5 - сынып
барлығы - 29
үздік - 4
екпінділер - 8
үлгерушi - 17
б/с - 41%

6 - сынып
барлығы - 29
үздік - 5
екпінді - 11
үлгерушi - 13
б/с - 55%

7 - сынып
барлығы - 21
үздік - 1
екпінді - 7
үлгерушi - 13
б/с 38%

8 - сынып
барлығы - 29
үздік - 4
екпінді - 4
үлгерушi - 21
б/с 27%

9 - сынып
барлығы - 26
үздік - 2
екпінді - 1
үлгерушi - 23
б/с 11%

Мектеп бойынша барлық үздіктер саны - 27
жақсы - 67
үлг орт - 121

Орташа балл - 3,63 б/с 43%.
Сонымен бірге баяндамашы „Bilim Class" порталындағы электронды журналдың уақтылы және сапалы толтырылғаны туралы айтты. Электронды сынып журналының уақтылы және сапалы толтырылуын әр аптаның соңында тексеріп қорытындысын жасап отыратынын хабарлады, әр аптаның соңында тексеріп, апталық статистика жүргізіп, оны мұғалімдер назарына ұсынып отыратынын ескертті.
Келесі мәселе бойынша PISA, ББЖМ сынақтары алдындағы жүргізіліп отырған дайындық жұмыстары туралы айтты. 4-9 сынып оқушыларынан пәнге байланысты алынып келген дайындық тест нәтижелері туралы таныстырып өтті. Жиналған пәндер бойынша әр қайсысына диаграмма жасалып отырғанын айтты. Сонымен бірге әр пән мұғалімі өз пәнінен алынған тестері бойынша мониторинг жүргізіп отырғанын айтып, олардың нәтижелерімен таныстырды.
Үшінші мәселе бойынша МДТІЖЖО, Ж. Абдуалиев сөзге шықты. Ол жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты жүргізіліп жатқан іс-шаралармен таныстырды. Сондай-ақ демалыс кезінде құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, күндізгі және түнгі уақытта көшеде жүрудің алдын алу мақсатында сынып жетекшілерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу жайлы айтты. Қысқы демалыста бос уақытты тиімді пайдалану үшін „Қысқы демалысқа арналған он кітап" акциясын ұйымдас-

тұрып, жұмыс жүргізілуін сынып жетекшілері мен кітапхананың А. Есенбековаға жүктелгені туралы айтып өтті.

I жартыжылдықта жүргізілген жалпы тәрбие жұмыстары мен жаңа жылдың мерекелік іс-шарасының өткізілуі туралы айтты.

Келесі мәселе бойынша мектеп кітапханашысы А. Есенбекова 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығына газет-журналдарға жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлады. Ауданның, облыстың, республикалық басылымдарға және әр пән мұғалімі өз пәніне байланысты әдістемелік журналдарға жазылу қажет екенін айтты.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ж. Абдуалиев қысқы каникул кезінде кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың құқық бұзушылық пен қылмыстың, балалардың өмірі мен қауіпсіздігі тасыққанды қамтамасыз ету мақсатында, мектеп маңтек аудандарында мектепішілік түзілген мобильдік топ мүшелерінен және кіші қызметкерлерден кезекшілік құрылғанын айтып өтті.

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім сапасы менеджменті жүйесін құру. Олимпиадаға, конкурска, түрлі деңгейдегі іс-шараларға

қатысушылар санын арттыру арқылы қызығушылықтары мен ынтасын арттыру. Оқу үлгерімінде бір ғана „4" және бір ғана „3" тұсын білім алушылар мен жұмыс жоспарын түзіп, қосымша сабақтар жүргізу. Бастауыш сыныптарда білім сапасын арттыру бойынша жоспар түзіліп қосымша сабақтар ұйымдастыру Негізгі орта сыныптарда білім сапасын арттыру бойынша негізгі пәндерден жоспар түзіліп қосымша сабақтар ұйымдастыру Үздіктер мен екпінділер санын арттыру; бақылау мен басшылық жасау МДОТЖЖО Н. Жонкаковаға тапсырылсын;

2. ББЖМ сынақтары алдында Оқушылардан өз уақытында тест алынып, оған талдау жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.

3. Зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары оқушылар арасында кеңінен жүргізілсін және оның жауапкершілігі МДТЖЖО Ж. Абдуалиевке жүктелсін.

4. Баспасөзге жазылу жұмыстарын қадағалау мектеп кітапханашысы А. Әсенбековаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы М. Жолдырбаева

Жиналыс хатшысы Г. Камарова

# Хаттама №4

## Педагогикалық кеңес

26.03.2024 ж. Қатысқаны - 30

## Күн тәртібінде:

1. III тоқсандағы оқу үлгерімінің жалпы қорытындысы туралы „Bilim Class" электронды журналының жүргізілуі

2. Мұғалімдерді аттестациядан өткізу туралы баяндамасы, МДОТЖЖО, Н. Кончаков;

3. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың сабаққа қатысуы мен өмір қауіпсіздігі жөнінде ата-аналармен және оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы, МДОТЖЖО, Ж. Абдуалиев;

4. Әр түрлі жәйттер.

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Кончаков баяндама жасады. Ол өз сөзінде 2-9 сынып оқушыларының III тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысын жеке-жеке сыныптар бойынша және жекелеген пәндер бойынша талдау жасап айтып өтті.

2-сынып барлығы - 30
үздік - 5

екпінді - 14
үлгерушi - 11
б/с - 83%.

3 - сынып
барлығы - 30
үздік - 6
екпінді - 11
үлгерушi - 13
б/с - 56%.

4 - сынып
барлығы - 20
үздік - 3
екпінді - 9
үлгерушi - 8
б/с - 60%.

5 - сынып
барлығы - 29
үздік - 5
екпінді - 9
үлгерушi - 15
б/с 48%.

6 - сынып
барлығы - 32
үздік - 9
екпінді - 11
үлгерушi - 12
б/с - 62%.

7 - сынып
барлығы - 20
үздік - 4
екпінді - 4
үлгерушi - 12
б/с 40%.

8 - сынып
барлығы - 28
үздік - 4
екпінді - 8
үлгерушi - 16
б/с 42%.

9 - сынып
барлығы - 25
үздік - 3
екпінді - 8
үлгерушi - 14
б/с - 44%.

Мектеп бойынша жалпы "үздіктер" саны - 39, "екпінділер" саны - 74, үлгерушілер саны - 101

үлгерімі – 100%, білім сапасы – орташа
балы –

Сонымен бірге, баяндамашы «онлайн-мектеп» порталындағы электронды журналдың уақтылы және сапалы толтырылғаны туралы айтты. Электронды сынып журналының уақтылы және сапалы толтырылуын айтты. Электронды сынып журналының уақтылы және сапалы толтырылуын әр аптаның соңында тексеріп қорытындысын жасап отыратынын хабарлады, әр апта соңында тексеріп, аптаның статистика жүргізіп, оны мұғалімдер назарына ұсынып отыратынын ескертті.

Келесі мәселе бойынша баяндамашы қайта аттестациядан өтуге педагог-зерттеушіге - Мадибеков Айнур, Ныдырбаева Мариянуы, Сейтова Гүлзада, педагог-сарапшыға - Утепова Зоя, Мадибеков Талгат, Абдуалиев Жәнібек, Мықтыбаева Ақерке, Жарылқасынова Ләйла, педагог-модераторға Орабіл Жұлдыз, Жазбаева Гүлнұр, Алдабергенова Гүлм, Әдігаппаров Асылжан, Джалалов Жасулан, Тұрсын Динара, Асанова Лаура өтініш беріп қойғанын айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ж. Абдуалиев баяндама жасады. Ол өз сөзінде оқушылардың көктемгі демалыс мерзімінде зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтың, әлімжеттіліктің, суицидтің

алдын алу тақырыбында ата-аналарға арналған жиын өткізілгенін айтты.

Баяндамасын мектепте Жылыой АПБ ЖПҚ ЮПП-ның инспекторы полиция капитаны Ю. Тоғызбаев, педагог-психолог А. Әбдіғаппаров „Құқықтық тәртіп, буллинг, кибербуллинг және ұдамания" туралы барлық оқушыларға буллинг пен кибербуллинг туралы мәлімет беріп өткені туралы да айтты

III тоқсанда өткізілген мектепішілік тәрбие жұмыстарына талдау жасап өтті. Әр сынып жетекшісінің тәрбие сағаттарына жеке баға берді. Өткізілген іс-шараның барлығы уақтылы фейсбук парақшасында жарияланып отырғанын айтты.

Білім алушылардың наурыз айының 21-31 демалыс күндері аралығында көктем мезгілінің келуіне байланысты оқушылар табиғат аясына, өзге ауыл, қала, аудандарға кыдыру, серуендеуге, мерекелік іс-шаралар ұйымдастыруға, мерекелік кештер, базарларда, ойын-хананаларда, көлік жуу орындарында, кафе бару, жалдамалы жұмысшылар тобына бармауын қадағалап тапсырды.

Оқушылардың көктемгі наурыз айының 21-31 күндері аралығына „Түнгі аулыдағы балалар" атты іс-шара жоспарын бекітіп, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың пен қылмыстың бала еңбегін қанаудың және рамазан айы барысында білім алушылардың көше бойында, А ж бекет-

терінде, аулаз атар ойындарда, мейрамханаларда, адам көп шоғырланатын жерлерге жорамалдан айтуының алдын алу керектігін сынып жетекшілеріне қатаң ескертті.

Келесі мәселе бойынша педагог-психолог А. Әбдіғаппаров баяндама жасады. Ол бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін зерттеу мақсатында психо-диагностика жұмыстарын жүргізгенін айта кетіп, олардың нәтижелерімен таныстырды. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын, математикалық икемділігі, көріп есте сақтауы, естіп есте сақтауы, ойлау қабілеттері, зейіні қандай деңгейде екенін анықтағанын жеткізді. Жоғары, орта, төмен деңгейлердің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес түзету-дамыту жұмыстарының жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша жарыссөзге шыққан мектеп кітапханашысы Ысенбекова Асима „Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында көктемгі каникулда кітап оқудың кітап оқу марафоны-байқауы жалғасып жатқанын айтты. „Оқуға құштар мектеп" марафон-байқауына оқушылар белсене қатысып, кітап оқу мәдениетін меңгерген алғырлықтарымен жеңімпаз атанып дипломдармен марапатталып жатқанын айтып өтті.

Жалпы мүше бойынша шаруашылық меңгерушісі Жұмысова Анаркүл көктем мезгілінің келуіне байланысты „Таза Қазақстан" республикалық науқанында бекітілген 6-13 сәуір аралығындағы „Таза әлем" апталығына сәйкес мектеп аумағын көгалдандыру жұмыстары мен тазалық жұмыстарын жүргізу туралы айтты. Мектеп аумағын мен жан-жақты тазалап, көшеттер отырғызып, гүл егу жұмыстарын жүргізу жайлы түсіндірді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. Қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне сай болып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында әрбір мұғалім білімді терең ойлы озық жаңашыл ұстаздар тәжірибесінен пайдалансын. Мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру барлық пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне жүктелсін, бақылау мен басшылық жасау МООТЖЖО Ұ. Жонкаковқа тапсырылсын.

2. „Bilim Class" электронды журналдың уақытылы және сапалы толтырылуын қамтамасыз ету және қадағалау сондай-ақ электронды

журналдың сапасын, сауатты толтырылуын бақылау мақсатында апта сайын „Bilim Class" порталынан статистика алып, оны мұғалімдердің назарына ұсыну МДОТЖЖО, Н. Конкаковка жүктелсін;

3. Көктем мезгілінің келуіне байланысты оқушылардың өмірінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында Оқушылардың табиғат аясында саяхаттарға шығуына қатаң түрде тыйым салынсын.

4. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары оқушылар арасында кеңінен жүргізілсін. және оның жауапкершілігі МДОТЖЖО, Ж. Абдуалиевке жүктелсін;

5. Көктем мезгілінің келуіне байланысты жан-жақты тазалық жұмыстары мен көгалдандыру жұмыстарын тиянақты жүргізу, оны басшылыққа алып қадағалау шаруашылық меңгерушісі А. Жүнісоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: М. Кыдырбаева

Хатшысы: Г. Жамарова

# Хаттама №5

## Педагогикалық кеңес

24.05.2024 ж. Қатысқаны -

## Күн тәртібінде:

1. а) 2023-2024 оқу жылының IV тоқсандағы оқу үлгерімі мен жылдық қорытынды туралы
ә). Жазғы мектепті ұйымдастыру туралы мектеп директорының 17.05.2024 жылғы №56-н/қ бұйрығының мазмұнымен таныстыру (27-31 мамыр мен 26-30 тамыз аралығында екі кезеңде мектеп базасында жазғы мектепті ұйымдастыру туралы) баяндамашы МДОТжжО, Н. Конкаков;

2. 2023-2024 оқу жылын аяқтау және негізгі орта білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы.
5-8 - сынып оқушыларын аралық аттестаттау туралы (МДОТжжО, Н. Конкаков);

3. Сабақтардың аяқталуы қарсаңында түрлі оқыс оқиғалар мен құқықбұзушылықтың орын алуын болдырмау мақсатында құқықтық тәртіпті нығайтуға мектеп бітірушілерін психологиялық тұрғыдан дайындауға бағытталған шаралар туралы (МДТжжО, Ж. Абдуалиев, педагог-психолог, А. Әбдіғаппаров);

4. Мектеп жанынан сауықтыру ішкі және сыртқы лагерін ұйымдастыру туралы баяндамашы, МДТжжО, Ж. Абдуалиев;

5. Әр түрлі мәселелер. (мұғалімдерді еңбек демалысына босату (мектеп директоры, М. Қыдырбаева), 1-сыныптан 9-сыныпқа дейінгі барлық оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету, 2023-2024 оқу жылының II жарты-жылдығына газет-журналға жазылу (мектеп кітап-ханашысы, А. Есенбекова);
9-сынып білім алушыларына 1 (бір) үздік аттестат-пен 24 (жиырма төрт) жай аттестатқа сұраныстың тапсыру туралы. (МДОТЖЖО, Н. Қонқаков), сыныптан сыныпқа көшіру туралы (МДОТЖЖО, Н. Қонқаков)

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегін алған мектеп директоры, М. Қыдырбаева күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерге жалпылама шолу жасап өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша МДОТЖЖО, Н. Қонқаков баяндама жасады. 2023-2024 оқу жылының IV тоқсанындағы оқу үлгерімі мен жылдық қорытынды туралы таныстырып өтті.

| | |
|---|---|
| 2 - сынып | барлығы - 30<br>үздік - 4<br>жақсы - 11<br>орташа - 15<br>б/с - 50% |
| 3 - сынып | барлығы - 30<br>үздік - 4<br>жақсы - 13<br>орташа - 13<br>б/с - 56,67% |
| 4 - сынып | барлығы - 20<br>үздік - 3<br>жақсы - 9<br>орташа - 8<br>б/с - 60% |

5 - сынып

барлығы - 29
үздік - 4
жақсы - 11
орташа - 14
б/с - 51, 72%

6 - сынып

барлығы - 32
үздік - 9
жақсы - 11
орташа - 12
б/с - 62, 50%

7 - сынып

барлығы - 20
үздік - 4
жақсы - 6
орташа - 10
б/с - 50%

8 - сынып

барлығы - 28
үздік - 4
жақсы - 9
орташа - 15
б/с - 46, 43%

9 - сынып

барлығы - 25
үздік - 3
жақсы - 8
орташа - 14
б/с - 44%

Мектеп бойынша барлық үздіктер саны - 35
жақсы - 78
орташа - 101
орташа балл - 3,88
б/с - 52, 8%

Келесі мәселе бойынша МДОТЖЖО, Н. Жонкаков баяндама жасады. Келес ауданының білім бөлімінің 17.05.2024 жылғы №123-н/қ бұйрығымен таныстырды. 2023-2024 оқу жылында білім алушылардың үлгеріміндегі олқылықтарды қалпына келтіру және білімін толықтыру мақсатында 27-31 мамыр мен 26-30 тамыз аралығында екі кезеңге мектеп базасында жазғы мектеп ұйымдастырылатынын хабарлады. Жазғы мектеп 1-8 сынып аралығында ата-аналардың

немесе заңды өкілдерінің өтініштері бойынша ұйымдастырылмады. Жазғы мектепті ұйымдастыру кезінде басымдық үлгерімі төмен оқушыларға берілді және сабақтар негізгі пәндерден өтілді. Жазғы мектепте оқитын оқушылардың тізімі ата-аналардың өтініштері арқылы нақтыланады.

Кеңес мүше бойынша 9-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру туралы мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Конкаков баяндама жасады.

2023-2024 оқу жылын аяқтау және 9-сыныптың білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізудің мерзімдерін хабарлап өтті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы №304 бұйрығын негізге ала отырып 1-9 сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылдың 25 мамырында аяқталады. 9-сыныптағы білім алушылардың қорытынды аттестаттау 2024 жылдың 29.05 – 10.06 аралығында өтетін болады.

1-9 сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылдың мамырында аяқталып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізулер туралы.

9-сынып білім алушылары қорытынды аттестаттаудан 29.05 – 10.06 күндері аралығында төрт пән бойынша жазбаша жұмыстарды орындау арқылы өтетінін айтты.

Қазақ тілі пәнінен эссе (жазбаша), математика пәнінен жазбаша (бақылау жұмысы), орыс тілі

пәнінен жазбаша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырма орындау) және Қазақстан тарихы пәнінен жазбаша жұмыстары жүргізілді.

5-8 сынып оқушыларын аралық аттестаттау 27-31 мамыр аралығында өтетін болады.

5-8 сынып оқушылары қазақ тілі пәнінен жазбаша жұмыстары жүргізілетінін хабарлады.

Келесі мәселе бойынша МДТЖЖО, Ж. Абдуалиев сабақтардың аяқталуы қарсаңында оқыс оқиғалар мен қылмыстардың орын алуын болдырмау мақсатында құқықтық тәртіпті нығайтуға мектеп бітірушілерін психологиялық тұрғыдан дайындауға бағытталған іс-шаралар туралы айтты. Баяндамашы жазғы шомылу маусымында су айдындарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы іс-шара жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Балалардың суда қауіпті жағдай-ларға тап болмауына жол бермеу мақсатында оқушы-ларға, ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, „дөңгелек үстелдер" мектеп қабырғаларына, жазғы суға шомылу ошақтарына, жағажайларға тыйым салу мақсатында хабарландыру тақталары, эскиздер т.б. қауіпсіздік бұрыштарын құру, ата-аналарға түсіндір-ме, ескертпелермен таныстыру, сондай-ақ ата-аналар-дың „ватсап" топтарына үнемі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру ақпараттары ұйымдастырылып отырғанын жеткізді. Бұл мақсатта барлық сынып жетекшілері, тәлімгер, ұлдар клубы жетекшісі, қыздар клубы жетекшісі тиісті іс-шаралар жүргізіп отырғанын

оны өзі бақылауда алып басшының жасап отырғанын хабарлады.

Жиын тәртібіндегі келесі мәселе бойынша МДТІЖжО, Ж. Абдуалиев 2023-2024 оқу жылына арналған жазғы каникул кезінде балалардың сыртқы және ішкі сауықтыру демалысын ұйымдастыру туралы хабарлап өтті. Қазақстан халқына қоры есебінен демалысқа баратын балалар тізімі, құжаттары туралы хабарлады. Мектепте сауықтыру лагері 27.05-21.06 аралығында жүргізілетінін айтты. Топ жетекшілері болып А. Мадибекова, Л. Жарылғасынова, Г. Мадибекова мен З. Утеповаларға жүктелгенін айтты.

Мектеп мүмкіндігін есептей отырып, жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру, ата-ана, демеушілер арқылы нстың тамақпен, сусындармен, тәттілермен қамтылатынын айтты. Мектеп жанындағы лагерьде оқушыларды сауықтыру мен демалысын тиімді пайдалану мақсатында спорттық, танымдық, мәдени, білім алушылардың патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыратын, білім алуға құштарлығын жандандыратын бағыттарды қамту керектігін ескертті. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмірінің қауіпсіздігі (жолда жүру, суға шомылу, т.б) шаралары оқушылар мен ата-аналар бас қосқан жиналыста талқыланғанын да тілге тиек етті.

Келесі мәселе мұғалімдерді еңбек демалысына босату туралы мектеп директоры М. Қыдырбаева хабарлама жасады. „Еңбек демалысына босату"

туралы бұйрықпен таныстырды. Оқу жылының аяқталуына байланысты кәсіподақ үйымымен келісе отырып мұғалімдерді екі кезеңде еңбек демалысына босату туралы, алғашқы кезең маусым айының 3-ші жұлдызы, екінші кезең 24 маусымда және мұғалімдер өз кезегіне қарай шілденің 31 мен тамыз айының 20-шы жұлдызында жұмысқа түсетінін айтты.

Мектеп кітапханашысы А. Есенбекова 1-сыныптан бастап 9-сыныпқа дейінгі оқулықпен толықтай қамтамасыз етіліп келе жатқанын айтты, алдағы жаңа оқу жылында қай сыныптарда қандай оқулықтар, оқулықтардың авторлары мен баспасы жайлы да хабарлап өтті. Баяндамашы өз сөзінде 2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығына газет-журналдарға жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлап, мұғалімдердің түгел жазылып жатқанын айтты.

9-сыныпты 25 оқушы аяқтағалы отыр. ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 17 сәуірдегі №149 бұйрығының 50-1 тармағына сәйкес толық қанағаттанарлық бағаларға бітірген оқушыларға жай аттестатқа сұраныс жасап, сынып жетекшісіне жинақ ведмосін жасау тапсырылды. Мектептен құрылған комиссия мүшелері жинақ ведмосін тексеріп, аттестат алу үшін ауданның білім бөліміне жіберілетіні туралы айтылды.

1-4 сыныптар сыныптан-сыныпқа қорытынды бағалары негізінде көшірілді.
5-8 сыныптар аралық емтиханның қорытындысы бойынша көшірілетіні де айтылды.
Жоғарыдағы айтылғандарды тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы!

1. Білім алушылардың білім сапасын көтеру мақсатында мұғалімдерге үнемі ізденісте болу, түрлі курстарға қатысып, білімін шыңдап отыру тапсырылсын;

2. 2023-2024 оқу жылын аяқтау және білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу сыныптан-сыныпқа көшу емтихандары, 9-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау, оқу жылын қорытындылау ұйымдасқан жоспарлы түрде өткізілсін;

3. Жаз мезгілінде демалыс уақытында оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен тиімді демалысын ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелері мен жауапкершіліктерін ата-аналарға жүктеу және түсіндіру жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне тапсырылсын;

4. Мектеп жанынан ұйымдастырылған сауықтыру лагері жұмыс жүргізсін. Оған жауапты боп
А. Мадибекова, Л. Жарылғасынова,
Г. Мадибекова, З. Утепова бекітілсін;

Мектеп жанындағы лагерьде оқушылардың сауықтыру және демалысын тиімді пайдалану мақсатында үйірмелер ұйымдастырылсын;

5. Жоғарыда айтылған бұйрықтар бойынша мұғалімдер кезең-кезеңімен еңбек демалысына босатылсын;

6. 9-сыныпты толық қанағаттанарлық бағаларға бітірген 25 білім алушылар үшін 1 үздік аттестат пен 24 жай аттестатқа сұраныс берілсін, сыныптың жинақ ведомосін дайындау сынып жетекшілері Ж. Орабия мен Г. Таубаевалар(ға) тапсырылсын

Емтихандарға оқушылардың түгел қатыстыру сынып жетекшілеріне жүктелсін, сыныптан сыныпқа көшу емтихандары 27 мамыр мен 31 мамыр аралығында өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: М. Жыдырбаева

Хатшысы: Г. Камарова

# Хаттама №6

## Педагогикалық кеңес

12. 06. 2024 ж

### Күн тәртібінде:

1. 9-сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандарын бітіру туралы (М. Жыдырбаева)

## Тыңдалды:

Кіріспе сөз кезегін алған мектеп директоры М. Қыдырбаева барлық мұғалімдерге күн тәртібінде қаралатын мәжіліспен таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында 9-сыныпты бітіруші 25 білім алушының 1-ін „үздік" негізгі орта білім туралы аттестатқа ұсынған болатынбыз, ол мемлекеттік емтихандарды 5 (өте жақсы) деген бағамен бітіріп өзінің үздік оқушы екенін көрсете білді. Қалған 24 оқушының жай негізгі орта білім туралы аттестатқа лайықты аяқтап шықты. Жалпы сынып НПЭнен мемлекеттік емтихан тапсырып өтті. Емтихан материалдары Келес ауданының білім бөліміне электронды пошта арқылы жіберілді, олар өз уақытында алынып, АКТ жасалды және емтихан хаттамасына қоса тігіліп отырды.

Жарыссөзге шыққан мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Жонкаков, сынып жетекшілері Ж. Орабил, Г. Таубаевалар 9-сыныпты бітіруші 25 оқушының 1-не „үздік", 24-не „жай" негізгі орта білім туралы аттестат берілуін сұрады.

12 маусым 2024 жылы өткізілген педагогикалық кеңес жоғарыда айтылғандарды тыңдай келе төмендегідей шешімге келді.

## Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылында мектеп бітіруші 9-сыныптың 1 (бір) оқушысына „үздік", 24 (жиырма

төртi оқушысына "жай" негізгі орта білім туралы аттестат және ауданның білім бөлімінен сұралық

Жиналыс төрайымы [signature] М. Жыдырбаева

Хатшысы [signature] Г. Жамарова

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "№ 4 НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 030340004533